

МҰҒАЛІМНІҢ АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҒЫ МЕН АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кутумова Р.Б

В данной статье рассмотрены вопросы информатизации образования, внедрение информационных технологий во все сферы учебной деятельности, создание национальной модели образования, а также нормативно-правовое, материально-техническое, научно-исследовательское и информационное обеспечение развития указанных направлений.

To provide education with informative technologies to use communication technologies in all the branches of education and problems forming the national model are considered in this article. This article also touches upon the problems of developing these trends such as technical- material, scientific-methodological and informative provision.

Қазақстан Республикасының білім беруді 2010 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында ақпараттық және коммуникативтік технологияны білім беру жүйесін жеделдетіп дамытуға қолдану негізгі міндеттердің бірі ретінде анықталады.

Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты.

Қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалім қажет. Бір уақытта педагог, психолог және оқу-процесін ұйымдастырушы технолог бола білуі керек. Бұдан мұғалімнің мамандық шеберлігі анықталады.

Басқаша айтқанда, білім беруді ақпараттандыру процесі мұғалімнің дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды. Ол мұғалімнің өзін-өзі дамуына, өзіндік білім алуына және шығармашылық түрде өздігінен қызметтерін іске асыруға мүмкіндік береді. Сондықтан мұғалімдердің жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пайдалана білуі және оқыту құралы ретінде пайдалануы бағыттары бойынша білімді көтеру және қайта даярлау курстарының мазмұнын өзгертіп, жасақтау қажеттілігі туындады.

Мұғалімнің ақпараттық - коммуникациялық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Қарастырылып отырған мәселе "Жаңа ақпараттық - коммуникациялық технологиялар" ұғымының пайда болуымен және білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз - білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудың негізгі құралы компьютер болып табылады. Компьютер - білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін зор құрал. Бірақ әлі күнге дейін біз осы зор құралдың шексіз мүмкіндіктерінің оннан бірін де пайдалана алмай отырмыз. Себеп не? Басты себеп – мұғалімнің ақпараттық коммуникациялық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетінің қалыптаспауына немесе төмендігінде. Соңғы жылдарда білім беру

жүйесіне енген «құзырлылық» немесе "күзіреттілік" ұғымы жеке қасиеттері мен білім, білік, дағды, іс тәжірибесі түсінігінің бірлігін сипаттайды.

Қазіргі уақытта құзырлылықтың бірнеше түрі бар, соның бірі - ақпараттық коммуникациялық құзырлылық. М.В.Лебедева мен О.Н.Шилова мұғалімнің ақпараттық – коммуникациялық құзырлылығын "оқу, тұрмыстық, кәсіби міндеттерді ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың көмегімен шеше білу қабілеттілігі" деп анықтайды.

Авторлар мақалада ақпараттық коммуникациялық құзырлылықты қалыптастырудың базалық, жалпы және кәсіби кезеңдерін бөліп көрсетіп, ақпараттық технологияларды оқу қызметінде қолдану мен кәсіби міндеттерді шешуде қолданудың ара жігін ашып көрсетеді. Бұл тұрғыдан қарастырғанда, ақпараттық құзырлылық екі құрамдас бөліктен тұрады: компьютерлік сауаттылық және компьютерлік білімдарлық.

Компьютерлік технологиялардың даму жағдайындағы ақпараттық сауаттылыққа К.А. Каймин "компьютермен өз бетінше жұмыс істей білу, компьютерлік техниканың көмегімен есептеу, жазу, сурет салу, ақпараттарды іздеу дағдылары мен біліктерінің болуы" деп анықтама береді.

Компьютерлік білімдарлықтың белгілеріне компьютерлер мен танымал бағдарламалардың кеңтүрлілігін бағдарлай білу, олардың мүмкіндіктерін білу, нақты бір жұмыс үшін тиімді бағдарламалық құралдарды таңдай білу, бағдарламалық құралдар бойынша жеке кітапханасының болуы жатады.

Сонымен, мұғалімнің ақпараттық – коммуникациялық құзырлылығын қалыптастырудың негізгі тәсілдеріне мыналар жатады:

- Ақпараттарды өңдеудің компьютерлік технологияларын теориялық және практикалық тұрғыда оқып - үйрену;
- Әр түрлі қолданыстағы бағдарламалық қамтамасыздандыруды оқып - үйрену және оны оқыту процесінде қолдану мүмкіндіктеріне талдау жасау;
- Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды жеке пәндерді оқытуда қолданудың тиімділігін негіздей және дәлелдей білу.

Педагог ақпараттық мәдениетін қалыптастыру және дамыту – ұзаққа созылатын, педагогтың ақпараттық және педагогикалық қызметінің интеграциялау процесі. Бұл процестің күрделілігі сонда - ақпараттық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы жолында көптеген кедергілерден өтуге тура келеді.

Ғалымдар мен мамандардың пікірінше, педагогтың ақпараттық мәдениетін дамытудың негізгі факторы ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдануға байланысты біліктілікті көтеру жүйесі болып саналады. Педагогтардың ақпараттық және коммуникациялық технологияларды оқыту процесінде қолдана білу мүмкіндігін дамыту мақсатында оқу курстарын ұйымдастырудың қажеттілігі бүгінгі білім беру жүйесінің кезекті мәселесінің біріне айналып отыр.

Жалпы, педагог – кадрлардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда факторлардың екі тобын бөліп көрсету қажет сияқты.

Біріншісі - педагогикалық білім беретін орта кәсіптік және жоғары оқу орындары студенттерінің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру .



1 - с ы з б а. Педагогикалық білім беретін орта кәсіптік және жоғары оқу орындары студенттерінің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру

Факторлардың бұл тобындағы негізгі фактор ретінде педагогикалық білім беретін оқу орындарындағы ақпараттық - коммуникациялық технологияларды оқытуға арналған пәндік курстарды атап көрсету қажет. Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесінде бұл пәндік курстардың мазмұнын жаңарту және сол пән бойынша сабақ беретін оқытушылардың біліктілігін арттыру - кезек күттірмейтін мәселе. Мысалы, педагогикалық орта кәсіптік оқу орындарында жүргізілетін "ОТҚ, қолдану әдістері" пәндік курсының мазмұны ескірген және бұл пәндік курсты оқытуға бөлінген сағат саны да өте мардымсыз.

Факторлардың екінші тобына білім беру ұйымдарындағы педагог-кадрлардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру жатады.

Бұл факторлар жүйесінде негізгі үш факторды жеке атап көрсету маңызды.

Бірінші – педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану мүмкіндіктерін, ақпараттық мәдениетін дамытуға бағытталған біліктілік көтеру курстары. Мұндай курстардың арнайы бағдарламасы жасалып, сол бағдарлама бойынша білім беру ұйымдарының өзінде жұмыс бағдарламалары жасалып, облыстық, республикалық мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында жедел түрде тақырыптық курстар ұйымдастырылуы қажет. Ол курстарды ұйымдастырушылар мен онда дәріс оқитын педагог кадрлардың біліктілігін көтеру - ол өз алдына бөлек әңгіме.

Екіншісі - білім беру ұйымдарындағы педагог - кадрларға әкімшілік тарапынан қойылатын талаптар. Талап қатаң, дұрыс қойылған жағдайда педагогтардың компьютерлік - библиографиялық сауаттылығы мәселесі, ұйымдағы педагогикалық қауымдастық, педагогикалық қызмет пен педагогикалық процесті модернизациялауға деген ұмтылыс, ақпараттық - коммуникациялық

технологияларды қолданудағы психологиялық кедергілерді жою, қызығушылық мәселелері де өзінің оң шешімін табары сөзсіз. Тағы бір айта кететін мәселе – педагог-кадрларды мерзімді аттестациялауда оларға қойылатын талаптар жүйесіне ақпараттық мәдениет деңгейін есепке алуға негізделген талаптарды белгілеп, енгізу қажет.

Үшінші – білім беру ұйымдарында, оқу кабинеттерінде компьютерлік базаның болуы. Республикадағы білім беру ұйымдарында компьютерлік база бірітіндеп қалыптасып келеді. Бірақ осы уақытқа дейінгі шетелдік және отандық тәжірибе көрсеткеніндей, білім беру ұйымдарын компьютерлермен толық қамтамасыз ету ақпараттық мәдениетті қалыптастыру және дамыту мәселесін толық шеше алмайды. Сондықтан дәл қазіргі таңда ең маңыздысы-алдыңғы екі фактор.

Сонымен, ақпараттық - коммуникациялық технологияларды оқыту процесінде қолдануға байланысты педагог – кадрлардың біліктілігін көтеру қазіргі кезеңде білім беруді ақпараттандырудың маңызды міндеттерінің біріне айналып отыр. Бұл маңызды міндетті шешпейінше, білім беру ұйымдарының техникалық базасын нығайту, компьютерлерді желілерге қосу, электронды оқу құралдарын дайындау ешқандай нәтиже бермейді. Бұл -өте күрделі, ауқымды мәселе, сондықтан оның нормативтік, ұйымдастырушылық, ғылыми - әдістемелік және оқу - әдістемелік жақтарына тоқталып өтпеске болмайды.

Педагогикалық білім берудің нормативтік базасы (білім берудің мемлекеттік стандарттары мен оқу пәндерінің типтік бағдарламалары) білім беруді дамытудың қазіргі заманғы басым бағыттарын белгілі бір дәрежеде бейнелей алуы тиіс. Стандарттағы бітірушілерге қойылатын бірыңғай талаптар жүйесін болашақ педагог-мамандардың ақпараттық - коммуникациялық құзырлығына қойылатын талаптармен толықтыру қажет.

Ұйымдастырушылық тұрғыдан қарастырғанда:

- орта және жоғары кәсіптік оқу орындарында педагогикалық білім алып жатқан студенттердің ақпараттық - коммуникациялық технологиялар жайлы жалпы біліммен қатар, педагогикалық қызметіне байланысты кәсіби білім мен дағдыларды игеруіне;
- білім беру ұйымдарындағы педагог - қызметкерлердің қазіргі заманғы білім берудің қажеттіліктеріне сай ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолдануға байланысты біліктіліктерін көтерулеріне мүмкіндік беріліп, барлық жағдай жасалуы керек.

Мәселенің ғылыми-әдістемелік жағы педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлығының қажетті деңгейін анықтаумен және сол деңгейге жетуді қамтамасыз ететін негізгі (студенттер үшін) және қосымша (мұғалімдер үшін) білім беру бағдарламаларын жасаумен байланысты.

Мұнан басқа, біліктілікті көтеруге, мұғалімдердің өз білімін көтеруіне, оларды кәсіби қайта даярлауға арналған бағдарламаларды жасауға негіз болатын оқу-әдістемелік базаны құру мен дамытудың да маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. Каракозов С.Д. Развитие содержания обучения в области информационно-образовательных систем. Подготовка учителя информатики в контексте информатизации образования. Барнаул, 2005.-299с.
2. М.В Лебедева, О.Н.Шилова. Что такое ИКТ-компетентность студентов педагогического университета и как ее формировать. Информатика и образование; 2004; №3; 96-100 бб.
3. В.А.Каймин. Курс информатики: состояние, методика и перспективы. Информатика и образование; 1990; №6; 26-31 бб.
4. А.Л.Зимин, Е.К.Хеннер. Повышение квалификаций работников образования в области информационно-коммуникационных технологии. Информатика и образование; 2004; №12; 1-4 бб.
5. Е.К.Хеннер, А.П.Шестаков. Информационно-коммуникационная компетентность учителя: структура, требования и система измерения. Информатика и образование; 2004; №12; 5-6 бб.